

ИРН АР08956335 «Генезі ісік болып табылатын ішек өтімсіздігі бар науқастарда жұқпалы-қабыну асқыныстары ерте диагностикасындағы бактериялық транлокация биомаркерлерінің детекциясы».

Өзектілігі

Қан сарысуындағы бактериялық транслокация биомаркерлердің өзгеруінде, генезі ісік болып табылатын ЖІӨ кезіндегі инфекциялық-қабыну асқыныстарының даму қаупінің деңгейі бойынша, сондай-ақ тоқ ішектің ісігіне жоспарлы операциядан кейін пациенттерді стратификациялау жүргізіледі. Асқыныстар мен өлім-жітімнің жиілігін, аурудың айқындылығын төмендету үшін алдын-алу шараларын жүргізу мүмкіндігі пайда болады. мезентериальды лимфа түйіндерін инвазивті жинауды, 16-рРНҚ-ны анықтауды жүргізбей-ақ, қан сарысуындағы бактериялық транслокация маркерлерін анықтау әдістемесі диагностиканың сенімді, жылдам және аз шығынды тәсілі болып табылады. ЖІӨ-мен асқынған тоқ ішектің ісігіне жасалған операциядан кейінгі пациенттерде "Сепсис" диагнозын қою критерийлерін қайта қарастыру мүмкіндігі пайда болады, бактериялық транслокация биомаркерлерінің жоғары деңгейі, жүйелік қабыну реакциясы болуы және мүшелік дисфункцияның болуы, тіпті инфекцияның айқын ошағы болмаса да сепсисінің ерте диагностикасын жүргізуге мүмкіндік береді.

Жоба мақсаты - мезентериальды лимфа түйіндеріндегі микроорганизмдер гендерінің детекциясымен және жүйелі қан ағысындағы LBP, sCD-14 биомаркерлердің өзара байланысын бағалау жолымен науқастарда генезі ісік және ісік емес болып табылатын асқыныстардың даму предикторы ретінде бактериялық транлокацияның диагностикалық және болжамдық маңыздылығын анықтау.

Күтілетін нәтижелер

Жобаның ғылыми бағыты бойынша (хирургиялық аурулар, онкология) Scopus базасында Cite score бойынша кемінде 50 (елу) төмен емес және (немесе) Science Citation Index Expanded webofscience CiteScore бойынша процентилі бар, индекстелетін рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) мақала және (немесе) шолу; сонымен қатар, БҒСБ ұсынған рецензияланатын шетелдік немесе отандық басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу жариялау жоспарлануда.

Ғылыми-зерттеу жұмысы тақырыбы бойынша Қазақстан патенттік бюросында кемінде 1 қорғау құжатын (зияткерлік меншік туралы куәлік) алу.

Күтілетін ғылыми және әлеуметтік-экономикалық нәтиже:

Тоқ ішек ісіктері бар науқастарда бактериялық транслокацияны даму механизмдері туралы жаңа мәліметтер алынады, бактериялық транслокация детекциясына тестілердің тиімділігі белгіленеді, оларды ғылыми және тәжірибелік мақсаттарда ұтымды пайдалану жолдары ұсынылады, ғылыми зерттеулерде, тәжірибелік денсаулық сақтауда, медициналық білім беруде инновациялық әдістер енгізіледі.

Алынған ғылыми нәтижелердің қолданылуы: биомаркер детекциясының ұсынылған әдістері бактериялық транлокацияны зерттеуде зерттеуді жалғастыруға мүмкіндік береді. Диагностиканың бірқатар әдістері тәжірибелік денсаулық сақтауда қолданылуы мүмкін. Ұжымдық пайдалану зертханасының имиджін арттыру инвестицияларды тартуға және Қазақстанның ғылыми ұжымдары мен шетелдік әріптестердің зерттеулер жүргізуіне ықпал ететін болады. Зерттеудің қазіргі заманғы жоғары технологиялық әдістерін игеруді оқыту платформасын (мастер-кластар,

біліктілікті арттыру, жұмыс орнында мамандандыру және т. б.) құру түрінде коммерцияландыру перспективасын жасайды.

Зерттеу тобы

1. Тургунов Е.М. – медицина ғылымдарының докторы, хирургиялық аурулар кафедрасының профессоры; Scopus Author ID - 57215313148, <https://orcid.org/0000-0002-6486-3847>
2. Шакеев К.Т. - а.ғ. к., КеАҚ ҚМУ хирургиялық аурулар кафедрасының профессоры; Scopus Author ID- 56801885500 <https://orcid.org/0000-0002-7802-1464>
3. Колесниченко С.И. –ҚМУ КеАҚ ұжымдық пайдалану зертханасының к.ғ. к., Scopus Author ID – 57211798837 , <https://orcid.org/0000-0003-3515-8900>
4. Авдиенко О.В. - ҚМУ КеАҚ ұжымдық пайдалану зертханасының к.ғ. к., Scopus Author ID – 57221804349
5. Жумакаев А.М. – ғ. к., магистр, ҚОДСБ қатысты ШЖҚ КМК "Қарағанды қаласының №3 көпсалалы ауруханасы" (онкологиялық орталық) абдоминалды хирургия бөлімшесінің меңгерушісі;
6. Огизбаева А.В. – ғ. к., PhD докторант, <https://orcid.org/0000-0003-1006-1870>

Қол жеткізілген нәтижелер

Жедел ішек өтімсіздігі бар және жедел ішек өтімсіздігі жоқ колоректальды қатерлі ісік бойынша операция жасалған пациенттерде биомаркерлердің (sCD-14, LBP) көмегімен жүйелі қан ағымында транслокацияны анықтау жүргізілді.

Мезентериялық лимфа түйіндеріндегі молекулалық-генетикалық талдау көмегімен бактериялық ДНҚ-ны анықтау емшарасының әдістемесі мен стандарты жасалды.

Жедел ішек өтімсіздігі бар және жедел ішек өтімсіздігі жоқ колоректальды қатерлі ісікке операция жасалған пациенттерде мезентериялық лимфа түйіндеріндегі микробтық ДНҚ-ны анықтауға молекулалық-генетикалық зерттеу жүргізілді.

Бактериялық транслокация ағымының ерекшеліктеріне, сондай-ақ оның жүйелік қабыну реакциясының дамуымен және жедел ішек өтімсіздігі бар және жедел ішек өтімсіздігі жоқ колоректальды қатерлі ісік ауруы бойынша операция жасалған пациенттердегі инфекциялық-қабыну асқынуларымен өзара байланысына салыстырмалы талдау жүргізілді.

Әлеуетті пайдаланушыларға арналған ақпарат

Нәтижелердің мақсатты тұтынушылары: ғылыми қызметкерлер, дәрігерлер; бактериялық транслокация асқынулары бар пациенттер

Жұмыс нәтижелерін тарату: отандық және шетелдік журналдарда жариялау, теориялық және клиникалық пәндерді оқыту кезінде оқу үрдісіне енгізу, Research Based Learning жобаларын әзірлеу.

Жоба аясында ғылыми жарияланымдар:

1. Yermek Turgunov, Alina Ogizbayeva, Lyudmila Akhmaltdinova, Kayrat Shakeyev. Lipopolysaccharide-binding protein as a risk factor for development of infectious and inflammatory postsurgical complications in colorectal cancer patients // Contemp oncol (Pozn). – 2021. – V. 25 (3). – P. 198-203. DOI: <https://doi.org/10.5114/wo.2021.110051> (Scopus Contemporary Oncology - Współczesna Onkologia - Q2, процентиль 54).
2. Alina Ogizbayeva, Yermek Turgunov Bacterial translocation in colorectal cancer patients//J. CLIN. MED. KAZ. – 2021. - Volume 18. – Issue. – 3. - P. 8-13. <https://doi.org/10.23950/jcmk/10926> (02.03.2021 жылғы № 190 бұйрығымен БҒСБ ұсынған)

3. Огизбаева А.В., Кадырова И.А., Тургунов Е.М., Шакеев К.Т., Колесниченко С.И., Савазова К.С. Колоректальды қатерлі ісік бар науқастарда молекулярлық-генетикалық әдіспен мезентериальды лимфа түйіндеріндегі микроорганизмдерді анықтау (ғылыми туынды). Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы 2021 жылғы 8 шілдедегі № 19250 куәлік.